

ISSN 2413-5488

ИНДЕКС 76088

№1 (41) / 2023

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ

ВЫСШАЯ ШКОЛА КАЗАХСТАНА

HIGHER SCHOOL OF KAZAKHSTAN

ЖЫЛЫНА 4 РЕТ
ШЫҒАРЫЛАДЫ
ВЫПУСКАЕТСЯ
4 РАЗА В ГОД
PUBLISHED
4 TIMES A YEAR

2013 ЖЫЛДАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ
ИЗДАЕТСЯ С 2013 Г.
FOUNDED SINCE 2013

АСТАНА
АСТАНА
2023
ASTANA

ISSN 2413-5488
ИНДЕКС 76088

МАЗМҰНЫ

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ / НАУЧНО-АНАЛИТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ

ВЫСШАЯ ШКОЛА
КАЗАХСТАНА

HIGHER SCHOOL
OF KAZAKHSTAN

SCIENTIFIC AND ANALYTICAL JOURNAL

№1 (41) / 2023

ЖЫЛЫНА 4 РЕТ ШЫҒАРЫЛАДЫ
ВЫПУСКАЕТСЯ 4 РАЗА В ГОД
PUBLISHED 4 TIMES A YEAR

2013 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ
ИЗДАЕТСЯ С 2013 Г.
FOUNDED SINCE 2013

АСТАНА
АСТАНА 2023 ASTANA

Б.Ж. Сарыбаева , К.М. Кайдарова ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУ / ОЦЕНКА ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ / ASSESSMENT OF READING LITERACY	4
Сейтхан А.А. / Сейтхан А.А. / Seitkhan A.A. ЖОБАЛЫҚ ЖҰМЫС БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР: ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ / НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ПО ПРОЕКТНОЙ РАБОТЕ: / ОРГАНИЗАЦИЯ И ПЛАНИРОВАНИЕ / SCIENTIFIC RESEARCH ON PROJECT WORK: ORGANIZATION AND PLANNING	11
П.М. Махашова / Махашова П.М. / Makhashova P.M., Ж.Т. Сабралиева / Сабралиева Ж.Т. / Sabralieva Zhanar Tuzelbekovna СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ІЗДЕНІМПАЗДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ / РОЛЬ НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В ФОРМИРОВАНИИ / ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ЛЮБОЗНАТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ / THE ROLE OF SCIENTIFIC RESEARCH IN THE FORMATION OF COGNITIVE CURIOSITY OF STUDENTS	18
Рымханова А.Р., Шахарбаева З.Ж., Алибекова А.М. ПРАВОВАЯ ПОМОЩЬ КАК ОДНО ИЗ ПРИОРИТЕТНЫХ НАПРАВЛЕНИЙ ВОЛОНТЕРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ / ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК СТУДЕНТТІК ЖАСТАРДЫҢ ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ / LEGAL ASSISTANCE AS ONE OF THE PRIORITY AREAS OF STUDENT VOLUNTEER ACTIVITY	25
Тәженбаева А.Ж. / Tazhenbayeva A./ А.Ж. Тәженбаева, Орынбаева Ұ.Қ. / Orynbayeva U. / Ұ.Қ. Орынбаева THE PERCEPTION OF TEACHERS ON THE USING FLIPPED CLASSROOM APPROACH ON FORMATION ICC COMPETENCE AMONG SECONDARY SCHOOL STUDENTS / МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНДА МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН ТӨҢКЕРІЛГЕН СЫНЫП ТӘСІЛІН ҚОЛДАНУЫН ҚАБЫЛДАУЫ / ВОСПРИЯТИЕ УЧИТЕЛЯМИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПОДХОДА ПЕРЕВЕРНУТОГО КЛАССА ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ-КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ У УЧАЩИХСЯ СРЕДНЕЙ ШКОЛЫ	32
Шамшиева А.Р. / Shamshieva A.R. / Ә.Р. Шәмшиева, Алтынбалта А.А. / Altynbalta A.A. / Ә.А. Алтынбалта ИНТЕГРИРОВАННЫЙ ПОДХОД К НАВЫКАМ / INTEGRATED SKILLS APPROACH / ДАҒДЫЛАРҒА КІРІКТІРІЛГЕН ТӘСІЛДЕР	39
Zaitseva Elena / Зайцева Елена Levashenko Vitaly / Левашенко Виталий Amantay Nurmagambetov / Амантай Нурмагамбетов Akzhunis Artykbay / Ақжүніс Артықбай ADVANCED CENTRE FOR PHD STUDENTS AND YOUNG RESEARCHERS IN INFORMATICS (ACESYRI) / ИНФОРМАТИКА БОЙЫНША PHD ДОКТОРАНТТАР МЕН ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖЕТЕКШІ ОРТАЛЫҚ (ACESYRI) / ЦЕНТР ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ И МОЛОДЫХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ В ИНФОРМАТИКЕ (ACESYRI)	43

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУ ОЦЕНКА ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ ASSESSMENT OF READING LITERACY

Б.Ж. САРЫБАЕВА

Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бөлімінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты

К.М. КАЙДАРОВА

Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бөлімінің 2-курс студенті

Мақалада TIMSS, PIRLS және PISA халықаралық зерттеулері бойынша оқу дағдыларын және жетістіктерін бағалаудың тұжырымдамалық негіздерін сипаттауға және функционалдық сауаттылыққа мониторинг жүргізу аясын жайлы сөз қозғалады. Сол бойынша білім бағдарламасына сәйкес материалдарын әзірлеу қызметі туралы айтылады. Негізгі мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын және жетістіктерін бағалауға арналған заманауи бағалау құралдарының және түрлерінің рөлі мен орны туралы түсінік беріледі, заманауи оқу дағдыларын бағалау, талдау және қалыптастыру үшін әзірлеген құралдар жиынтығының ерекшелігі сипатталады. Оқу сауаттылығын бағалауға арналған тапсырмалар жиынтығының мысалдары келтірілген, әр сынып бойынша, соның ішіндегі 5 және 7, 8 сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау үшін тапсырмалардың ерекшеліктері сипатталған.

Бұл мақаланың мақсаты білім беруді дамыту стратегиясы институтының білім сапасын бағалау орталығында әзірленген негізгі мектептегі білім алушылардың оқу сауаттылығын бағалаудың тұжырымдамалық тәсілдерін және тиісті құралдар: құрылған тапсырмалар, осы тапсырмаларды бағалау жүйелері мен түрлері, алынған нәтижелерді өңдеп қарастыру және түсіндіру болып табылады. Функционалдық сауаттылық мониторингі шеңберінде функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөлігі ретінде оқу сауаттылығын қалыптастыру және бағалау мәселесін зерделеу, педагогика ғылымдарының басқа салаларының мамандарымен анықталған мәселелерді кеңінен талқылау қажеттілігі атап өтіледі.

Түйін сөздер бағалау, оқу сауаттылық, PISA, PIRLS, TIMSS, білім беру процесі, функционалдық сауаттылық.

В статье рассказывается об опыте разработки измерительных материалов в рамках мониторинга функциональной грамотности и описания концептуальных основ оценки навыков чтения по PIRLS и PISA в контексте международных исследований. Дается представление о роли и месте современных оценочных средств для измерения учебных навыков учащихся основной школы, описывается специфика комплекта средств, разработанных учащимися для оценки и формирования современных учебных навыков, приводятся примеры заданий для оценки читательской грамотности, описаны особенности заданий, разработанных авторами для оценки учебных навыков учащихся 5 и 7, 8 классов.

Целью данной статьи является разработка концептуальных подходов к оценке грамотности чтения обучающихся основной школы, разработанных в центре оценки качества образования Института стратегии развития образования РАО, и соответствующих средств: заданий, систем оценки этих заданий, обработки и интерпретации полученных результатов. В рамках мониторинга функциональной грамотности отмечена необходимость изучения вопроса формирования и оценки грамотности чтения как составной части функциональной грамотности, широкого обсуждения вопросов, выявленных специалистами других отраслей педагогических наук.

Ключевые слова оценка, чтение, грамотность, PISA, PIRLS, TIMSS, образовательный процесс, функциональная грамотность

The article describes the experience of developing measuring materials in the framework of functional literacy monitoring and describes the conceptual foundations for assessing reading skills in PIRLS and PISA in the context of international studies. It gives an idea of the role and place of modern assessment tools for measuring the educational skills of primary school students, describes the specifics of a set of tools developed by students to assess and form modern educational skills, provides examples of tasks for assessing reading literacy, describes the features of tasks developed by the authors to assess the educational skills of students in grades 5 and 7, 8.

The purpose of this article is to develop conceptual approaches to assessing the reading literacy of primary school students, developed at the Center for Educational Quality Assessment of the Institute of Educational Development Strategy of RAO, and appropriate tools: tasks, systems for evaluating these tasks, processing and interpreting the results obtained. As part of the monitoring of functional literacy, the need to study the issue of the formation and evaluation of reading literacy as an integral part of functional literacy, a broad discussion of issues identified by specialists of other branches of pedagogical sciences was noted.

Keywords: assessment, reading, literacy, PISA, PIRLS, educational process, functional literacy

КІРІСПЕ

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған 2012 – 2016 жылдарға арналған Ұлттық әрекет жоспары Б.Жұмағұловтың басшылығымен құрылды. Қазіргі кезде елімізде білім алушыларымыздың оқу сауаттылығын арттыруға көптеген мүмкіндіктер бар. Білім берудің мазмұны өзгеріп, жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Әртүрлі жаңа идеяларды әрбір сабақтарда жан – жақты қолданып, оқытудың жаңаша жолдарын тауып, оны жүйелі түрде қолдану – заман талабы болып отыр. Жаңартылған мектептерде білім алушылардың бойындағы функционалдық сауаттылығы мен өмірге қажет құндылықтар жиынтығын дамытуға баса назар аударыла бастады. Сол үшін де әрбір ұстаз педагогикалық процестің бірізділігін, сондай – ақ оқу мен тәрбиенің біртұтастылығын сақтай отырып, оқушылардың оқу сауаттылықтарын барынша дамытуы тиіс. Осыған орай ұстаздардың алдында оқытудың құралдары мен әдіс – тәсілдері үнемі жаңартып, сонымен қатар жаңа технологияларды меңгеру, оны дұрыс және тиімді қолдану міндеті тұр. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім беру мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу болып табылады. Бұл бағалау критерийлері күтілетін нәтижеге және оқушының бойындағы түрлі дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

PISA бағалау жүйесі бойынша оқу сауаттылығына анықтама берейік: Оқу сауаттылығы дегеніміз – бұл жалпы адамның жазбаша мәтіндерді түсіну және оны пайдалану, білімін және мүмкіндіктерін кеңейту, әлеуметтік, қоғамдық өмірге қатысу үшін оқумен айналысу қабілеті. Оқу сауаттылығы туралы айтатын болсақ, біз оқуды қолданудың әр түрлі жағдайларда және әртүрлі мақсаттарда белсенді, мақсатты және сындарлы сипатын айтуға болады. Оқу сауаттылығын бағалау кезінде оқушының мәтінмен қарым-қатынасының әртүрлі жағдайларында көрінетін оқудың әлеуметтік және жеке аспектілері ескеріледі:

- Жеке мақсаттары үшін оқу (мысалы, жеке хаттар, көркем әдебиеттер, өмірбаяндар, ғылыми-танымал мәтіндер және т. б.);
- қоғамдық мақсат үшін оқу (мысалы, Ресми құжаттар, ақпарат әлеуметтік маңызы бар әр түрлі оқиғалар туралы);
- білім алу үшін оқу (мысалы, оқу әдебиеті мен мәтіндер, оқу мақсатында пайдаланылатын).

Оқу сауаттылығы әр түрлі мәтіндерден керекті ақпарат табу, ғылыми – танымал, көркем, ресми секілді мәтіндерден жұмыс жасай білу, тапқан информацияны түсіну және бағалай білу қабілеттерін қамтиды. Осы арқылы мәтінді мұқият оқып, талдау жұмысын жүргізеді. Баланың қиялы ойланып оқыған кезде, оның өзінің ішкі суреттерімен белсенді әрекеттеседі. Бала мәтінмен көбірек жұмыс жасаған кезде, ауызша және жазбаша сөйлеуі қарқынды дамиды.

Оқу сауаттылығын бағалаудың негізгі тәсілдеріне келетін болсақ:

- мәтінді оқу, оны түсіну және тиісті ақпаратты табу;
- ақпаратты түрлендіру және түсіндіру;

- мәтіннің мазмұны мен формасын түсіну және бағалау болып табылады.
Білім беру бойынша ҚР Ұлттық бағалау жүйесіндегі орнын қарастырайық. Ол өз ішінде 3 үлкен түрге бөлінеді. Олар:

- Ішкі бағалау. Яғни мектептегі оқу бағдарламаларына байланысты мектеп ұстаздарымен жүзеге асырылатын белгілі бір уақыттағы және қорытынды бағалау болып табылады.

- Ұлттық сыртқы бағалау. Мұнда мектептегі оқу бағдарламасына сәйкес болып келетін білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау, яғни, олар: ОЖСБ (БОУД), ҰБТ (ЕНТ) және т.б.

Бұл екі бағалау жүйесі білім алушылардың оқу жетістіктерін мониторинггеу, білімнің тиімділігін бағалау, білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің атқарған қызметтерінің қаншалықты сапалы екенін талдау болып табылады, яғни тек қана оқушы емес, мұғалімнің де білімі бағаланады.

- Халықаралық сыртқы бағалау.

1. PISA (Programmer for International Student Assessment) оқушыларды бағалау бағдарламасы;

2. TIMSS (Third International Mathematics and Science Study) математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша бағалау бағдарламасы;

3. PIRLS (Progress In International Reading Literacy Study) оқу машықтарын бағалау бағдарламасы; бойынша бағалау жүйесіне ҚР білім алушылардың қатысып, оқу деңгейін қарастыру.

Ал Халықаралық бағалауға келетін болсақ, бұл Халықаралық деңгейде білім алушылардың ұлттық жетістіктерін мониторинггеу, салыстыра бағалау және талдау. Яғни, бірнеше елдердің бір уақытта тапсырылған тестті салыстырып, талдау. Бұл ретте талдау жүргізгенде қай елде білім деңгейі жоғары және төмен екені көрінеді. Сол арқылы деңгейді көтеру үшін білім мекемелері қарқынды жұмыс жасай бастайды.

Оқушылардың сауаттылығын бағалау дегеніміз – оқу процесіндегі әрбір оқушының дайындық деңгейін анықтау, ұстаз, оқушы мен ата – ана арасындағы кері байланысты міндетті түрде қамтамасыз ету, жоспарланған білім нәтижелеріне жету үшін әр оқушының жеке даму бағытын және жеке жетістіктерін бақылау және соңғысы оқу бағдарламасының тиімділігін бақылау. Бағалауды 2 түрге бөліп қарастыруға болады:

- I. Қалыптастырушы яғни ағымдағы бағалау. Бұл сабақта күнделікті жүзеге асып отыратын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін бағалау. Сонымен қатар, қорытынды бағалауға әсер етпейді, және бастапқы кездегі материалды меңгеру кезіндегі болатын қателіктер алдында оқушының қорқынышын жоюға мүмкіндік береді.

- II. Қорытындылаушы бағалау. Белгілі бір кезең арасындағы оқушының білімін қорытындылайды.

Енді жоғарыда көрсетілген білім алушылардың бағалау жүйелеріне тоқталып, қарастырып өтейік: Ең алдымен, бұл Іштей бағалау. Мұнда тапсырмалар қалай бағаланады, соған тоқталып өтсек. Тапсырмалар қалай бағаланды:

Білім алушылардың жеке орындалатын тапсырмалары үшін 0-ден белгілі баллға дейін бағаланады. Жауапты таңдау кезінде толық, сондай-ақ қысқа жауапты тапсырмалары бар әр сұраққа тиісті ұпай саны беріледі. 0-балмен, егер тапсырманы дұрыс орындамаса және 1 балмен, егер толық және дұрыс орындалса ғана бағаланады. Сонымен қатар, маңызды нәрсе, ол оқушылардың жинаған ұпайлар саны берілген тапсырмаларды бағалау үшін, алдын ала дайындалған критерийлерге байланысты жауаптың толықтығы және сәйкестілігі ескеріліп, бағалануы қажет. Тапсырмаларды тексеру кезінде "дұрыс жауап" критерийлерінің орнына "жауап толығымен қабылданды", одан кейін "жартылай жауап" орнына "жауап жартылай қабылданады", және "қате жауап" критерийінің орнына "жауап қабылданбайды" деген дұрыс критерийлерді қолданылғанына баса назар аударылуы керек. Себебі: біріншіден, оқушының берілген тапсырманың материалын түсінуі және соған байланысты сұрақтарға жауап берген кездегі дәрежесі және дұрыс жеткізілген ойы бағаланады. Егерде сұрақтың жауабы бұрмаланып берілген болса, материалды дұрыс

түсібегені аңғарылады. Мұнда сонымен қатар, олардың жіберген емле мен тыныс белгілері қатаң ескеріледі.

Функционалдық сауаттылықтары бойынша халықаралық зерттеулерді қарастырайық. PISA халықаралық зерттеуі бұл 15 жастағы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (Programmer for International Student Assessment). PISA 15 жастағы білім алушылардың:

- Мектеп қабырғасындағы алынған білімдері мен дағдыларын адами іс әрекетте қолданулары мен дамытулары;

- Адамдар арасындағы қарым қатынас пен әлеуметтік қатынас;

- Өмірлік міндеттерді шешу үшін білімін пайдалана алу қабілеті бағалауға бағытталған.

PISA аясындағы тестілеу барысында жалпы функционалдық сауаттылықтың үш саласы бағаланады:

1. Оқу бойынша сауаттылық;

2. Математикалық жағынан;

3. Жаратылыстану-ғылыми жағынан сауаттылық болып табылады.

PISA зерттеуі бойынша оқу сауаттылығын бағалаудың ерекшеліктері бар:

Мәтіндердің форматына сәйкес абзац түрінде ұсынылған ақпарат бір – бірінен кейін бірі жүретін тұтас мәтіндер және тұтас емес мәтіндер пайдаланылады. Сонымен қатар, тек қана мәтін ғана емес, сондай – ақ карталарды, диаграммаларды да қамтуы мүмкін. PISA зерттеулері қазіргі кезде бүкіл елде, әлемде мектептік білім берудің әртүрлі тиімділігін салыстырмалы түрде бағалаудың барлық жерде қолданылатын оқу құралдары ретінде қарастырылады. Зерттеу 3 жылда бір рет айналым бойынша жүргізіледі. Әрбір айналым бойынша қандай да бір функционалдық сауаттылықтың түріне ерекше баса науар аударылады.

Қазақстан бірінші рет 2009 жылы PISA зерттеуіне қатысты. Нәтижелерін қарастырып көрейік:

КЕСТЕ - 1.

PISA-ҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕЙТИНГІСІ ЖӨНІНДЕ МӘЛІМЕТТЕР

Пәндер	Рейтинг		Рейтинг мәнінің коэффициенті		Рейтинг бойынша өсім коэффициенті
	2009 жыл	2012 жыл	2009 жыл	2012 жыл	
оқу	65 ішінде 59	65 ішінде 63	1,1	1,03	-0,07
математика	65 ішінде 53	65 ішінде 49	1,23	1,33	+0,1
жаратылыстану	65 ішінде 58	65 ішінде 52	1,12	1,25	+0,13

Нәтижелерге қарайтын болсақ, көрсеткіштердің өсімі оқу сауаттылығы бойынша теріс мәні байқалады. Бірақ жаратылыстану мен математика ғылымдары бойынша сауаттылығы бойынша қазақстандық мектеп оқушылары өз рейтингісін 0,1 және сәйкесінше 0,13 көтерді.

TIMSS халықаралық зерттеуі оқушылардың білім жетістіктерін бағалауы Халықаралық қауымдастығы бойынша өз қызметін атқарады. Бұл зерттеудің мақсаты – әр елдегі, сынып оқушыларының математикалық және ғылыми жаратылыстануи білім сапасын салыстыра бағалау және оқу жетістіктеріне ықпалын тигізетін факторларды анықтау. Зерттеуі жылдық мерзім (1995, 1999, 2003, 2007, 2011, 2015) бойынша өткізіледі.

Қазақстан TIMSS – 2007. Зерттеуге еліміздің 141 мектебі қатысты. 3990 бастауыш сынып оқушылары қатысты, соның ішінде қазақ тілінде – 2394, орыс тілінде – 1596 білім алушылар. Зерттеудің нәтижесі бойынша математика пәні бойынша оқушылардың орташа көрсеткіші – 549 ұпай, бұл 36 ел ішіндегі 5 орынға ие болса, жаратылыстану пәні бойынша орташа көрсеткіш – 533 ұпай, көрсетілген көрсеткіш елдер арасындағы 11 орынды көрсетеді. Зерттеу бойынша отандық оқушылардың білім жетістіктері мен халықаралық орташа көрсеткіштері де айтарлықтай жоғары деп бағаланады.

Қазақстан TIMSS – 2011. Бұл зерттеуге еліміздің 154 білім беру мекемесі қатысты.

КЕСТЕ - 2.

TIMSS-ДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕЙТИНГІСІ ЖӨНІНДЕ МӘЛІМЕТ (4 СЫНЫПТАР)

Пәндер	Рейтинг		Рейтинг мәнінің коэффициенті		Рейтинг бойынша өсім коэффициенті
	2007 жыл	2011 жыл	2007 жыл	2011 жыл	
математика	36 ішінде 5	50 ішінде 27	7,2	1,9	-5,3
Жаратылыстану ғылымдарының пәні	36 ішінде 11	50 ішінде 32	3,3	1,6	-1,7

Осы зерттеуге қатысу арқылы оқушылардың нәтижелері халықаралық орташа көрсеткіштен төмен екенін көрсетеді.

КЕСТЕ - 3.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ЖӘНЕ ҚР ОРТА БІЛІМ БЕРУ БОЙЫНША САЛЫСТЫРМАЛЫ КРИТЕРИЛІК БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ.

TIMSS және PISA критерийлер жүйесі	Критерийлі бағалау жүйесі
білім (репродуктивті қызмет, фактілерді және карапайым, күрделі емес сұрақтарды білу)	білу – түсіну
қолдану (байланыс орнату, түсініктерді пайдалану);	қолдану
талқылау (рефлексия)	талдау – синтез – бағалау

8

PIRLS халықаралық зерттеуі – Қазақстан үшін аса маңызды қадам болып табылады. PIRLS – бастауыш мектеп оқушыларының мәтінді оқу және сапалы түсіну деңгейін зерделеу бойынша халықаралық зерттеу болып табылады. 5 – жылдық цикл (2001, 2006, 2011, 2016, 2021) бойынша жүргізіледі. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға, мәтінді оқу мен түсіну деңгейін салыстыруға, білім берудің ұлттық жүйесінің айырмашылықтарын анықтауға бағытталған. PIRLS зерттеуі келесідей мүмкіндіктерді береді:

- әр түрлі елдер арасында негізгі және бастауыш мектеп оқушыларының білім жетістіктерінің деңгейін салыстырмалы түрде бағалау жүргізу;
- негізгі және бастауыш мектептегі математикалық және жаратылыстану білім беру сапасының өзгеру көрсеткіштерін көрсету;
- бастауыш мектептен негізгі мектепке ауысу кезіндегі математикалық және жаратылыстану білімінде болатын қандай да бір өзгерістерді іздеп табу;
- әр түрлі елдегі білім беру үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктері, сонымен қатар математика және жаратылыстану ғылым пәндері бойынша зерттеу мазмұнының ерекшеліктері туралы ақпарат алу;
- негізгі және бастауыш мектептегі математикалық және жаратылыстану білім беру сапасына әсер ететін факторларды анықтау.

PIRLS зерттеу құралдарының ерекшеліктері: зерттеу тұжырымдамасына сәйкестік оқу сабақтары кезінде және мектептен тыс уақытта оқушылар басқаларға қарағанда жиі қолданатын оқудың екі түрі бағаланады: әдеби оқу тәжірибесін алу мақсатында оқу; ақпаратты игеру және пайдалану мақсатында оқу. Зерттеу барысында 10 мәтін (5 әдеби және 5 ақпараттық) және оларға 126 тапсырма қолданылады. Тапсырмалар жауап формасы бойынша өзгереді: ұсынылған төрт жауаптың ішінен таңдау тапсырмалары; тапсырмалар оқиғалар тізбегін белгілеу; еркін құрастырылған жауабы бар тапсырмалар. Бұл ретте әдеби ақпараттық (ғылыми-танымал) мәтіндерді оқу процесінде оқу дағдыларының төрт тобы бағаланады:

- нақты түрде берілген ақпаратты табу (жалпы санның 20% тапсырмалар);

- қорытындыларды тұжырымдау (тапсырмалардың жалпы санының 30%);
- ақпаратты түсіндіру және жалпылау (тапсырмалардың жалпы санының 30%);
- мәтіннің мазмұнын, тілдік ерекшеліктері мен құрылымын талдау және бағалау (20% тапсырмалардың жалпы саны).

PIRLS халқаралық тесті оқудан оқуға көшу сатысында тұрған оқушылардың оқу сауаттылығының тамаша өлшегіші болып табылады. Бұл білім беру ауысуына байланысты екені байланысты: а) бір мезгілде емес, уақыт бойынша созылыққылығы; б) бір жастағы немесе мектеп өміріндегі тәжірибесі бірдей оқырмандар үшін бір мезгілде емес. PIRLS тесті оқушы немесе білім алушылар тобы мәтіндерді өзін-өзі тәрбиелеу құралы ретінде қолдана алмау мен қолдану арасындағы анықтай алатын нүктенің көп өлшемді сандық нәтижелерін береді. 2016 жылы PIRLS негізгі зерттеуі өткізілді. Тест кезінде әр оқушыға екі мәтін және сол мәтіндерге арналған тапсырмалары бар дәптер беріледі. Бірінші мәтін – көркем әдеби, қызықты оқиғалар, баяндаулар немесе ертегілер, екінші мәтін – ақпараттық (көбіне жануарлар жайлы әңгімелер). Әрбір мәтінге шамамен 12–15 тапсырма беріледі. Барлық тапсырмаларды орындап шығуға 80 минут беріледі (40 минуттан 2 рет, арасында үзілісімен). Оқушылардың орындаған жұмыстарының сандық және сапалық бағалау жүйелері жүзеге асады. PIRLS зерттеуіндегі бағалау шкаласы 1000 балл. Орташа көрсеткіш 500 баллға сәйкес, стандарттық төменгі балл 100. Халықаралық PIRLS зерттеу құралдарына тест тапсырмалары бар дәптерлермен бірге оқушыға, ата-анаға, мұғалімге, мектеп әкімшілігіне арналған арнайы сауалнаманы өтеді. Сауалнаманы толтыру үшін әр адамға 30 минутқа жуық уақыт керек. 2017 жылы 5 желтоқсанда Парижде халықаралық студенттердің білім беру жетістіктері қауымдастығы (IEA) PIRLS нәтижелерін жариялады. Зерттеуге қатысушы 50 елдің ішінен Қазақстан 27-ші орынға ие болды. Еліміздің төртінші сынып оқушыларының орташа балы 536 балды құрады, бұл халықаралық орташа көрсеткіштен 26 балға жоғары. ҚР Білім және ғылым министрі Еран Сағадиев мектептегі білім беруді халықаралық зерттеу нәтижелері туралы айтып берді: "Біздің оқушылар мәтінді оқу мен түсінуді халықаралық зерттеуде жақсы нәтиже көрсетті.

Бүгінгі таңда бұл зерттеу бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын өлшеудің жалғыз әлемдік құралы болып табылады. Алдыңғы PIRLS циклдары көптеген елдерге оқу бағдарламаларын, оқулықтарды, мұғалімдердің біліктілігін арттыру мазмұнын және Ұлттық бағалау жүйелерін жетілдіруге көмектесті.

9

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі зерттеу тестілеуі педагогикалық бағалау нәтижелерін мазмұнды түсіндіруге мүмкіндік береді, яғни оқушылардың жетістіктерінің деңгейін ең ықтимал тапсырмалармен байланыстыру. Осыған байланысты, әр тестіленушінің ұпайы берілген оқушының қандай тапсырма түрін орындай алатындығын көрсетеді деп санауға болады. Сонымен қатар, әр ел үшін орташа баллға байланысты белгілі бір елдің оқушысы қандай тапсырмаларды орындай алуын көрсетеді.

Еліміздің халықаралық зерттеулерге қатысуынан не береді?

- 1) Білім берудің жаңаша бағалау жүйесін енгізуге;
- 2) Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру айналасына бірігуіне;
- 3) Білім беру мазмұнын жаңартуға, білім беру сапасын бақылаудың отандық жүйесін құруға;
- 4) Ұлттық қызметкерлердің біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Халықаралық зерттеу нәтижелері еліміздегі білім берудің төмендігі проблемаларын көрсетіп берген: әр түрлі мәтіндердің мазмұнын түсінуі мен ойлау қабілеттерінің жетіспеушілігі; оқушылардың математикалық жағын сипаттайтын тәжірибеліктің жеткіліксіздігі; күнделікті өмірдегі жағдайларды түсіндіруге бағытталған жаратылыстану-ғылыми түсініктерді қолдану мен дамыту дағдыларының, алған мәліметтерді сыни тұрғыдан бағалаудың, болжамдар жасау мен өз көзқарасын білдіру деңгейінің жеткіліксіздігі.

Басқаша айтқанда, мектептердің білім беру процестерінде білім беру мазмұнын жаңартудың ақпараттық – инновациялық идеяларын жүзеге асыру бағыттарын әрі қарай дайындау қажет. Сонымен, көріп отырғанымыздай, халықаралық салыстырмалы зерттеу құралы арқасында Қазақстанның білім беру ұлттық идеясын әзірлеуге, түзетуге мүмкіндік

береді. Бұдан басқа, біздің мемлекетіміздің TIMSS және PISA зерттеулеріне қатысу нәтижесі бойынша республикада орта білім мазмұнын жаңарту процесі қарқынды өз қызметін атқарады. Оқушылардың оқу сауаттылық деңгейін арттыру үшін үлкен әдістемелік жұмыс күтіп тұр, оны жүзеге асыру үшін сауатты – сөздің кең мағынасында – оқу адамның мектептегі оқу кезеңінде де, болашақта да барлық іс-әрекетінің негізінде жатқанын түсіну қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Серemenko Н.П., Руколеева Л.В. Новая образовательная практика: Павлодарская технология.
- 2 Нагима Сабитова "TIMSS, PISA нәтижелері негізінде қазақстандық оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың негізгі бағыттары мақала". – 2015.
- 3 Рахимжанова А.Н. Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру үшін мәтінмен жұмыс жасау жолдарының тиімділігі.
- 4 Мамырбекова Г.А. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту мәселелері.
- 5 https://uskz.org/load/ash/bastau/timss_pirls_khaly_araly_zertteuler_ajasynda_bastauysh_synyp_o_ushylaryny_funkcionaldy_sauattyly_yn_alypastyru/17-1-0-2017

REFERENCE

- 1 N.P. Seremenko, L.V. Rukoleeva. New educational practice: Pavlodar technology.
- 2 Nagima Sabitova "On the basis of TIMSS, PISA results of Kazakh students the main directions of increasing functional literacy, article". – 2015.
- 3 A.N. Rakhimzhanova. Working with the text to improve students' reading literacy efficiency of production methods.
- 4 Mamyrbekova G.A. Problems of developing students' reading literacy. https://uskz.org/load/ash/bastau/timss_pirls_khaly_araly_zertteuler_ajasynda_bastauysh_synyp_o_ushylaryny_funkcionaldy_sauattyly_yn_alypastyru/17-1-0-2017

10

УДК 378.1
ГРНТИ 14.35.17

ЖОБАЛЫҚ ЖҰМЫС БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР: ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ

НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ПО ПРОЕКТНОЙ РАБОТЕ: ОРГАНИЗАЦИЯ И ПЛАНИРОВАНИЕ

SCIENTIFIC RESEARCH ON PROJECT WORK: ORGANIZATION AND PLANNING

СЕЙТХАН А.А.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты

СЕЙТХАН А.А.

магистрант Казахского национального педагогического университета имени Абая

SEITKHAN A.A.

master's degree Abai Kazakh National Pedagogical University,

Студенттердің өзін-өзі оқыту қабілетін, сондай-ақ, жобалық жұмыстарын дамытуда химия пәні бойынша білім беруді жаңартудың қазіргі кезеңінде орта мектептердің шұғыл міндеті болып табылады. Бұл мақалада 11-сыныпқа арналған органикалық химия жобалары тақырыптары бойынша жобалық жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау арқылы студенттердің өзін-өзі оқыту қабілетін дамыту бойынша зерттеу нәтижелері көрсетілген. Педагогикалық эксперимент Абай атындағы ҚазҰПУ ЖОО-ның 3-ші курс білім беру жүйесіндегі 12 студенттерің қамтыды. Оқытушыны бағалау және студенттердің өзін-өзі бағалауы нәтижесінде алынған мәліметтер эксперименттік сыныптарда студенттердің өзін-өзі оқыту қабілетінің айқын дамуын көрсетті.

Түйін сөздер: жобалық жұмыс, органикалық химия, студенттер, педагогикалық эксперимент, мәселені шешу.

В развитии способности учащихся к самообучению, а также проектной работе актуальной задачей средних школ на современном этапе является обновление образования по химии. В данной статье представлены результаты исследований по развитию способности учащихся к самообучению путем организации и планирования проектной работы по темам проектов органической химии для 11 класса. Педагогический эксперимент охватил 12 студентов системы образования 3-го курса вуза КазНПУ им. Абая. Данные, полученные в результате оценки преподавателя и самооценки учащихся, показали явное развитие способности учащихся к самообучению в экспериментальных классах.

Ключевые слова: проектная работа, органическая химия, школьники, педагогический эксперимент, решение задач.

Abstract. At the present stage of updating education in chemistry in the development of students' self-learning abilities, as well as project work, is an urgent task of secondary schools. This article presents the results of a study on the development of students' self-learning abilities through the organization and planning of their project work on the topics of organic chemistry projects for Grade 11. The pedagogical experiment covered 12 students of the 3rd year education system of named Abai KAZNPU University. The data obtained as a result of the assessment of the teacher and the self-assessment of students showed a clear development of students' self-learning abilities in experimental classes.

Keywords: project work, organic chemistry, schoolchildren, pedagogical experiment, problem solving.

11

КІРІСПЕ.

Практикалық ғылым табиғаттан дәлелдер жинау болып табылады, немесе нақтырақ айтсақ, ғылым – бұл табиғат әлемі туралы дәлелді білім жиынтығын алуға тырысу болып табылады. Табиғаттан дәлелдемелер алу тәсілдеріне табиғатта да, зертханалық жағдайда да табиғи құбылыстарды бақылау жатады. Сондықтан табиғаттағы бақылаулар мен практикалық жұмыс ғылыми білім берудегі ерекше рөлге жетті. Олар осы маңызды рөлді бүгінгі күнге дейін сақтап келуде [1].

Ғылыми білім берудегі стандарттары мен дәстүрлерінің көпшілігі ғылымды оқыту мен меңгеру үшін практикалық жұмыстың маңыздылығын көрсетеді.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

1. Жүйелік талдау әдісі (морфологиялық және функционалдық параметрлік сипаттаманы қоса).
2. Статистикалық әдістер (нормативтік, салыстырмалы, кездейсоқ бағалау әдісі, өзгерістерді бақылау әдісі, сындарлы-сыни әдіс және т.б.).
3. Сауалнама әдістері: сауалнама.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Студенттердің жобалық іс-әрекетін ұйымдастыруда ескеру қажет бірқатар жағдайлар бар. Жобаларды ұйымдастыруға келесі талаптар қойылады [2]:

- жоба студенттерді оқыту және тәрбиелеу процесіне қосылуы керек;
- зерттеу, ақпараттық, практикалық әлеуметтік маңызды міндеттің (проблеманың) болуы қажет,

- студенттер нақты мәселелерді талқылап, өзекті міндеттер қоюы керек,
- студенттердің іс-әрекеті орынды болуы керек;
- студенттердің жұмысы мағыналы және белсенді болуы керек;
- студенттер өз ойларын жазбаша түрде нақты айта білуі керек,
- жаңа ақпаратты талдау, жаңа идеяларды құруға қатысу;
- жобаның соңғы түрі (кез-келген нысанда ұсынылған) түсіндірме жазбаға ие болуы керек, яғни жобаның атауы, авторы, сыныбы, оқу орны, жетекшісі және басқа да қажетті мәліметтер көрсетілген титул парағы бар теориялық бөлім.

Ол үшін мұғалім [3]:

- зерттеу, іздеу әдістерінің барлық арсеналына ие болу, студенттердің зерттеу жұмыстарын ұйымдастыра білу;
- өз көзқарасын таңдамай, пікірталастарды ұйымдастыра және өткізе білу;
- студенттерді қойылған мәселенің шешімін табуға бағыттау;
- таңдалған жобалардың мәселелерін шешу үшін әртүрлі салалардағы білімді біріктіре білу керек [4].

Абай атындағы ҚазҰПУ ЖОО-да жобалық жұмыстарды қарастыру бірінші курстан басталады. Бұған командалық жұмыста идеяларды қалыптастыруға және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін студенттердің мектептегі білім алу жүйесі мен оқудан тыс іс-әрекеттерінің әртүрлілігі ықпал етеді.

Студенттердің өзін-өзі оқыту қабілетін дамыту бағытында жоғары оқу орындарында органикалық химия бойынша жобалық тақырыптар жүйесін құрудың негізі, жоба тақырыптарын әзірлеу, жобалық оқытуды ұйымдастырудың негізгі факторы болып табылады және мұғалімдерге жобаларды іске асыруда студенттерді бағдарлау және бағыттау үшін қажет.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Жоба тақырыптарын құру келесі алты қағидаға негізделген:

- 1 принцип: жоба тақырыбы 1 курста органикалық химия сабағын оқытудың білім мазмұны мен мақсаттарына сәйкес, студенттерге сабақ мазмұнына қатысты практикалық

білімді қолдану және кеңейту мүмкіндіктерін жасауға бағытталған.

2 принцип: жоба тақырыптары нақты өмірмен және белгілі бір аймақтағы студенттердің күнделікті іс-әрекетіне жақын, терең әлеуметтік маңызы бар әлеуметтік мәселелермен байланысуы.

3 принцип: жоба тақырыбы студенттердің қабілеттерін, әсіресе өзін-өзі оқыту қабілеттерін дамытумен тығыз байланысты болуы. Жоба тақырыптары студенттердің сыныптастарымен үйлестіре отырып, өзін-өзі оқыту тапсырмаларын шешу және жүйелі түрде орындау үшін пәндік білімді әлеуметтік түсінікпен біріктіруді талап ететін күрделі практикалық мәселелерді қамтуы керек, осылайша студенттердің құзыреттілігін, әсіресе өзін-өзі оқыту және әлеуметтік белсенділік қабілетін дамытады және қоғамдық қызметке оң көзқарасты қалыптастырады.

4 принцип: жоба тақырыптары когнитивті деңгейге сәйкес келуі және студенттердің қызығушылығы мен назардың аударылуы.

5 принцип: оқу жобаларының тақырыптары материалдардың бай көздерін қамтуы керек және студенттердің оларды пайдалануы және мағыналы өнімдер шығаруы үшін жағдай жасай отырып, мектеп пен қоғамның мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келуі.

6 принцип: жоба тақырыптары ақпараттық технологиялардың интеграциясын қолдауы. Жоба тақырыбының мәселелерін шешу үшін студенттер белгілі бір дәрежеде ақпараттық технологияларды қалай қолдану керектігін білуі керек.

Жобалық оқу процесін құрудың негізі аралас оқыту моделіне сәйкес және студенттердің өзін-өзі оқыту қабілетін дамыту үшін нақты сабақ жоспарларын әзірлеу Microsoft Teams көмегімен аралас оқыту моделіне сәйкес жобалық оқу процесі құрылды және келесі негізге негізделген нақты сабақ жоспарлары төмендегідей әзірленді:

- 1) жобаға негізделген оқыту процесі;
- 2) аралас оқыту моделінің сипаттамалары мен компоненттері;
- 3) өзін-өзі оқыту қабілетін дамытуға және студенттердің өзін-өзі оқыту қабілетін көрсетуге қойылатын талаптар;
- 4) орта мектеп жабдықтары [5].

Ұсынылған оқу процесінің орындылығы мен тиімділігін бағалау үшін 3 курстың 12 студенттер арасында жобалық жұмыстар жүргізілді. Экспериментте майлар, көмірсулар, ақуыздар атты тақырыптарда студенттер топқа бөлініп, кезекпен қатысты.

ЖОО-дағы органикалық химия бөлімі нақты өмірге қатысты білімді қамтиды. Осылайша, бұл білім жобалық оқытуды қолдана отырып, студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруға жарамды деп қарастырылды. Жобаның әрбір тақырыбы үшін зерттеу мәселелерін нақты анықтау қажет, өйткені бұл мәселелер жобаның нақты мақсаттары болып табылады. Сонымен қатар, бұл мәселелер студенттердің міндеттерін анықтауға және келесі кезеңде жобаны жүзеге асыруды жоспарлауға негіз болады [6]. Сондықтан мұғалімдер ұсыныстарды енгізуге, студенттерге бағыт-бағдар беруге немесе аймақтың жағдайына, ерекшелігіне және мәдениетіне сәйкес келетін мәселелерді ұсынуды ұйымдастыруға дайын болу үшін жобаның әр тақырыбы бойынша зерттеу тапсырмаларын құруы керек [7].

НӘТИЖЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеу процесі келесі кезеңдерден өтті:

1 кезең: жоғары студенттердің өзін-өзі оқыту қабілетінің құрылымын құру бойынша зерттеу.

2 кезең: студенттердің өзін-өзі оқыту қабілетін дамыту бағытында орта мектептерде 11-сыныпты органикалық химияға арналған жобалық тақырыптар жүйесін құру. Жоба тақырыптарын құру келесі қадамдар арқылы жүзеге асырылады:

- 1-қадам: тақырыптық идеяларды ұсыну: құрылымды, бағдарламадағы сабақтардың мазмұнын және тиісті практикалық білімді талдау негізінде жоба тақырыптарының атаулары мен мақсаттарын анықтау.

- 2-қадам: жоба тақырыбы бойынша шешілетін мәселелерді анықтау: жобаны іске асыру кезінде студенттерге олардың деңгейіне және нақты оқу жағдайларына сәйкес шешілуі қажет негізгі мазмұнды, мәселелерді/сұрақтарды анықтау.

- 3-қадам: ақпарат көздері мен нұсқауларын жасау: ақпараттық сайттарды (кітаптар, веб-сайттар) табыңыз және жоба тақырыбы бойынша шешілуі керек тапсырмаларға сәйкес келетін студенттерге ұсыныстар жасау.

- 4-қадам: сарапшыдан кеңес алу: педагогикалық университеттердегі химия оқытушылары және ЖОО-дағы тәжірибелі химия оқытушылары болып табылатын сарапшылармен кеңесу. Содан кейін келесі пікірлерді өңдеу.

- 5-қадам: тестілеу және жетілдірілген редакциялау: жоба тақырыптарын өңдеуді және жетілдіруді жалғастыру үшін орта мектепте пилоттық білім беріңіз, тестілеу кезінде мұғалімдер мен студенттерден кері байланыс алу.

Тақырыпты әзірлеу процесінің соңында белгіленген тақырыптардың практикалық, дәлдігі мен ғылыми, өзектілігі мен орындылығын растау үшін 7 әдебиет көздері қарастырылды.

3 кезең: аралас оқыту үлгісіне сәйкес жобалар негізінде оқу процесін құру және студенттердің өзін-өзі оқыту қабілетін дамыту үшін нақты сабақ жоспарларын әзірлеу.

4 кезең: педагогикалық эксперимент және эксперименттік деректерді өңдеу.

Типологиялық белгі	Жоба түрі
Жобаның негізгі әдісі	Ақпараттық-зерттеу
Пәндік-мазмұндық аспект	Шығармашылық
Жобаны үйлестіру сипаты	Тікелей (икемді)
Байланыс сипаты	Бір топқа қатысушылар арасында ішкі
Қатысушылар саны	Топтық
Жобаның ұзақтығы	Ұзақ мерзімді

14

Жоба бойынша жұмыс бірнеше кезеңнен тұрды, олар 2 кестеде келтірілген.

2 КЕСТЕ

ЖОБА ЖҰМЫСЫНЫҢ ӨТКІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ

	Мұғалімнің қызметі	Студенттердің қызметі	Орындау мерзімі	Нәтижесі
1. Жобалық тапсырманы әзірлеу				
1.1. Жоба тақырыбын таңдау	Студенттерге талқылауға ұсынатын сұрақтарды таңдау: 1. Сүттің тағамдық құндылығы неде? 2. Неліктен сүт пен сүт өнімдерін балалар мен жасөспірімдердің рационында қолдануға кеңес беріледі? 3. Сүт өнімдері мен сүтті пайдалану адам ағзасының дамуына қалай әсер етеді?	Ақпаратты іздеу және таңдау, қойылған сұрақтарға жазбаша жауаптар жасау	Қазанның ортасы	Сұрақтарға жауаптары бар студенттердің конспектері

1.2. Жоба тақырыбындағы ішкі тақырыптарды бөлектеу	Жобаның ішкі тақырыптарын оқшаулау, конспект жоспарын және ақпарат көзінің тізімін жасау. - «Майлар, олардың құрамы, құрылымы және қасиеттері»; - «Көмірсулар, олардың құрамы, құрылымы және қасиеттері» - «Белоктар, олардың құрамы, құрылымы және қасиеттері»	толық конспектілерді жасау бойынша ақпараттық-ізвестіру қызметін жүзеге асыру		Жобаның тақырыптары бойынша кеңейтілген конспектілер
1.3. Шығармашылық топтарды қалыптастыру	Өзіне нақты тақырыптар мен қызмет түрлерін таңдаған студенттердің бірлестігін ұйымдастырылады. Шығармашылық топтардың қалыптасуы әр студенттерді жобаның ішкі тақырыптары бойынша конспект жасағаннан кейін пайда болды. «Майлар», «Көмірсулар», «Белоктар» тақырыптары бойынша үш топ және «Студенттердің толыққанды диетасын құрастыру және талдау» тақырыбы бойынша төртінші топ құрылды.	Әрбір студент өзі үшін тақырыптардың бірін таңдап және оларға сәйкес командаға топтастырылды		Қалыптасқан топтағы әр студенттердің ролі мен қызметін анықтау
1.4 Зерттеу жұмыстарына материалдар дайындау	Тапсырмаларды, іздеу қызметі мен әдебиетке арналған сұрақтарды әзірлейді	Өз тақырыптарын мұғаліммен талқылап және қажетті ақпаратты алу арқылы, жобаның мақсаттарын тұжырымдады		Топпен жұмыс
1.5 Жобалау қызметінің қорытындыларын білдіру нысандарын айқындау	Зерттеу қызметінің нәтижесін ұсыну нысандарын анықтайды	Сыныпта зерттеу қызметінің нәтижесін ұсыну формалары талқыланды	Қараша-ның басы	Топпен жұмыс
2. Дайын өнімді ұсыну (презентация)	Сараптама ұйымдастыру, сарапшы ретінде параллель сыныпты, мұғалімдерді, ата-аналарды және т. б. шақыру	Олар өз жұмыстарының нәтижелері туралы есеп береді, түпкілікті қорытынды жасады	Қарашаның соңы	

15

Сонымен, жобалық қызмет жүйесін талдау, оның барлық компоненттерін белгілі бір дәрежеде жалпы және кәсіби құзыреттерді қалыптастырып, әрі қарай дамытады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Модульдер пәндерінің жұмыс бағдарламаларының мазмұнына сүйене отырып, екі санаттағы жобаларда ЖОО студенттері арасында бойынша сауалнама өткізілді. Сауалнамаға сәйкес студенттердің жобалармен жұмыс істеуге дайындығын анықтау және жұмыс кезінде осы қиындықтардың қиындықтары мен себептерін анықтау көзделді.



Диаграмма 1. Студенттердің өзін-өзі бағалау арқылы эксперименттерге дейін және одан кейін студенттердің өзін-өзі оқыту қабілетін дамытудың орташа мәндерін салыстыру

Кестеге сай, педагогикалық қызмет міндетті түрде команданың және жеке тұлғалардың алған жұмыс дағдыларын бағалау үшін кері байланысты қамтиды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жобалық оқыту технологиясы – бұл студенттер үшін де, мұғалім үшін де қызықты әрі қызықты сабақ, сондықтан мен жобалық оқыту кез-келген курс пен мұғалімнің қызметіндегі перспективалы бағыттардың бірі болып табылады. Нәтижесінде жобаны ұйымдастыру барысында, біз студенттердің арасында осындай көрсеткіштерге жеттік.

Жалпы, қорытындылай келе, химия бойынша жобалық қызметті ұйымдастыруды талдай отырып, мұғалімнің қызметіндегі ең қиын нәрсе – студенттердің жобаны әзірлеуге және ұсынуға қатысуын дұрыс бағалау. Сондықтан жоба бойынша жұмысты, әсіресе ақымақтықты бағалау критерийлерін әзірлеуден бастау керек.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Цветков Л.А. Эксперимент по органической химии в средней школе: методика и техника. М: «Школьная пресса». – 2000.
2. Химия: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / Ә. Темірболатова, Н. Нұрахметов, Р. Жұмаділова, С. Әлімжанова. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. – 352 бет. ISBN 9965-36-092-8
3. Нұғыманұлы И., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. «Химияны оқыту әдістемесі», Оқу құралы. – Алматы: Print –S, 2005. – 354 бет.
4. Чернобельская Г.М. «Методика обучения химии в средней школе», Москва, Владос. – 2000.
5. «Жалпы білім беретін мектептің 11сыныбының жаратылыстану-математика бағытына арналған оқу бағдарламасы», Алматы. – 2011.
6. Кирюшкин Д.М., Полосин В.С. «Химияны оқыту методикасы», Алматы. Мектеп. – 1984.
7. Цветков Л.А. «10-класта органикалық химиядан сабақ беру», Алматы: «Мектеп» баспасы. – 1980.

REFERENCES

1. Tsvetkov L.A. Experiment on organic chemistry in the middle school: methods and techniques. M:"School Press". – 2000.
2. Chemistry: textbook for the 11th grade of a comprehensive school in the natural and mathematical direction / A. Temirbolatova, N. Nurakhmetov, R. Zhumadilova, S. Alimzhanova. – Almaty: Publishing House" School", 2007. – 352 pages. ISBN 9965-36-092-8
3. Nugumanuly I., Shokybaev zh. a., Onerbayeva Z. O. "Methods of teaching chemistry", manual. – Almaty: Print –S, 2005. – 354 pages.
4. Chernobelskaya G. M. "Methods of teaching chemistry in the middle school", Moscow, Vlados. – 2000.
- 5."Curriculum for the natural and mathematical direction of the 11th grade of a comprehensive school", Almaty. – 2011.
6. Kiryushkin D. M., Polosin V.S."Methods of teaching chemistry", Almaty. School. – 1984.
7. Tsvetkov L. A."Teaching organic chemistry in the 10th grade", Almaty: Publishing House" School". – 1980.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ІЗДЕНІМПАЗДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

РОЛЬ НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В ФОРМИРОВАНИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ЛЮБОЗНАТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ

THE ROLE OF SCIENTIFIC RESEARCH IN THE FORMATION OF COGNITIVE CURIOSITY OF STUDENTS

П.М. МАХАШОВА

«Педагогикалық психология»
кафедрасының аға оқытушы, педагогика магистрі,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

МАХАШОВА П.М.

магистр педагогических наук, старший преподаватель,
Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати

МАКНАШОВА Р.М.

Master of P.N., Senior lecturer,
M.H.Dulati Taraz Regional University

Ж.Т. САБРАЛИЕВА

«Педагогикалық психология» кафедрасының
аға оқытушы, психология магистрі,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

САБРАЛИЕВА Ж.Т.

магистр психологии, старший преподаватель,
Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати

SABRALIEVA ZHANAR TUZELBEKOVNA

Master of Psychology, Senior Lecturer, M.H.Dulati Taraz Regional University

Бұл мақалада студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастырудың негізгі шарттары, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, ғылыми шығармашылыққа ұмтылу мәселелеріне тұжырым жасалынған. Сонымен қоса, студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарын жетілдіру, оқу орындарында жоғары білікті ғылыми және тәжірибелі мамандарды даярлауға бағытталған. Оқу үрдісінде танымдық белсенділігін, ақыл-ой қабілеттерін дамытуда, оқуға қажетті біліктер мен дағдылар, алған білімнің саналылығы және біліктілігін қамтамасыз етуге негізделген.

Студенттерді танымдық ізденімпаздығы арқылы ғылыми-педагогикалық қызметке даярлау, өз бетінше білімін көтеру, ғылыми-техникалық, мәдени-ақпараттармен жұмыс істеуі, оқудағы жетістіктеріне бағыттау мәселелеріне талдаулар жасалынған.

Түйін сөздер: мотивтер, дидактикалық аспект, теориялық аппарат, эксперименттік, интегралдық құрылым.

В данной статье сформулированы основные условия формирования познавательной активности студентов, вопросы организации научно-исследовательской работы, стремления к научному творчеству. Кроме того, совершенствование научно-исследовательской работы студентов направлено на подготовку высококвалифицированных научных и

опытных специалистов в учебных заведениях. Развитие познавательной активности базируется на осознанности и квалифицированности применения знаний, обеспечении умений и навыков необходимых для обучения и развития умственных способностей. Проведен анализ вопросов подготовки студентов к научно-педагогической деятельности ориентирован на познавательный поиск, самообразование, научно-техническую, культурно-информационную работу, ориентацию на учебные достижения.

Ключевая слова: мотивы, дидактический аспект, теоретический аппарат, экспериментальная, интегральная структура.

This article formulates the main conditions for the formation of cognitive activity of students, the organization of research work, the desire for scientific creativity. In addition, the improvement of students' research work is aimed at training highly qualified scientific and experienced specialists in educational institutions. The development of cognitive activity is based on awareness and proficiency in the application of knowledge, providing the skills and abilities necessary for learning and the development of mental abilities. The analysis of the issues of preparing students for scientific and pedagogical activity is focused on cognitive search, self-education, scientific and technical, cultural and informational work, orientation to educational achievements.

Keywords: motives, didactic aspect, theoretical apparatus, experimental, integral structure.

КІРІСПЕ

ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту, ең алдымен ғылымды дамыту, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі саясатындағы негізгі мақсаттың бірі – жан-жақты, білімді, шығармашылық қабілетті, танымдық іс-әрекеті мен белсенділігі жоғары жеке тұлғаны қалыптастыру. Білім беру мен оқыту теориясының әдіснамалық негізі – таным теориясы және студент тұлғасын жан-жақты және үйлесімді қалыптастыру туралы ілімі болып табылады. Ендеше жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастыруды арнайы ұйымдастыру оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып саналады[1].

Мемлекет алдында студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарын (ҒЗЖ) жетілдіру және одан әрі дамыту, жоғары оқу орындарында болашақ оқытушыларды, сонымен қатар жоғары кәсіптік білімі бар, жоғары білікті ғылыми және тәжірибелі мамандарды даярлау мен қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау міндеті тұр.

Қазіргі педагогикалық және психологиялық әдебиеттерде студенттердің сабақта, сабақтан тыс уақытта және отбасылар арасындағы танымдық іс-әрекетін қалыптастыру мәселелері көбірек зерттелуде. Оқу үдерісінде студенттердің танымдық қызметі дами отырып, оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас қалыптасады. Өз бетінше білімін көтеру әр педагогтың қалауынша істелетін жұмыс емес, ол оның белгілі міндетіне айналуы керек. Ол ақпараттар легімен: қоғамдық-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени-ақпараттармен жұмыс істеп, оны әр оқушының дамуына бағыттауы және ұйымдастырылуы тиіс. Осылайша, оқытушының кәсіптік білім деңгейі студенттердің оқудағы жетістіктеріне тікелей әсер етеді. Сонымен бірге, педагог білім берумен қатар болашақ маманның танымдық ізденімпаздығы мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына тәрбиелеуді жоғары оқу орнының негізгі мақсаттарының бірі деп түсіну қажет.

Білім алушының танымдық белсенділікті арттыратын танымдық әрекетін дамытуда проблемалық оқытудың маңызын В.И.Зазвязинский, М.И. Махмудов, Ж.Б. Қоянбаев, А.А. Бейсенбаева атап көрсеткен.

Студент жоғары оқу орнында оқып жүрген кезден-ақ өз білімін көтеріп, алдағы кәсіптік еңбегіне дайындалуы қажет. Өз бетінше білімін көтеру әр педагогтың қалауынша істелетін жұмыс емес, ол оның белгілі міндетіне айналуы керек. Ол ақпараттар легімен: қоғамдық-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени-ақпараттармен жұмыс істеп, оны әр студенттің дамуына бағыттауы және ұйымдастыруға болады.

Танымдық ізденімпаздықтың жоғарғы деңгейі ғылыми шығармашылыққа ұмтылу арқылы сипатталады және өз бетімен білім алуға ұмтылу – танымдық ізденімпаздықты қажет етеді. Осылайша, педагог кәсіптік білім деңгейі бойынша студенттерге білім берумен қатар өздігінен жұмыс істеуге тәрбиелеуі керек. Сондықтан студенттердің – танымдық ізденімпаздығы мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын оқу орнының негізгі мақсаттарының бірі деп түсіну қажет.

Ғалымдардың «танымдық белсенділік» ұғымына берген анықтамалары Р.А.Низамов « Жеке адамның күшейтілген танымдық жұмысын сипаттайтын ерікті жағдайы». А.Ғ.Қазмағамбетов «Өзіндік жұмыс – жеке тұлғаның белсенділігінің маңызды көрсеткіші. Белсенділік ол танымдық, құқықтық т.б. болуы мүмкін». А.Е.Әбілқасымова «Оқу әрекетінде оқу міндеттері шешіліп, мотив танымдық белсенділік» арқылы ақпаратты қабылдаудан бастап, күрделі шығармашылық әрекеттің қалыптасуы мен анықталады. Жалпы А.Н. Леонтьевтің теориялық ұстанымы оқу мотивациясын белсенділік тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда мотив әрекетпен бірлікте әрекет құрылымының ішкі сипаттамасы ретінде қарастырылады[2,272].

Сондықтан оқу танымдық және ғылыми ізденістер жүйесіндегі мәселелер студенттің көзқарасын кеңейтуге, ой-өрісін дамытуға, болашақ маманның әлеуметтік, педагогикалық-психологиялық сипаты мен жеке қасиеттерінің жетілуіне елеулі әсер етеді.

Зерттеу жұмыстары оқу процестерімен қатар жүре отырып, алғашында әдет түрінде дамып, қалыптасады, танымдық қажеттілік түріне айналады, бұл студенттің танымдық ізденімпаздығының дамуына негіз болады. Әсіресе бұл жұмыстарда әр студенттің жеке мүмкіндіктері мен қасиеттерінен көрінеді.

